

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі
бағалау құрылымы**

Мектепалды даярлық тобы

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы	
Білім беру ұйымының толық атауы:	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):	Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Аранды ауылы, Н.Қазақбайұлы көшесі, №2А пошта индексі 120411
Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды почта)	Байланыс телефоны: 8(724 38) 34-9-34Электронды поштасы:kazaly_97@mail.kz Мектеп сайты: – https://97mektep.edu.kz/kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә және лауазымға тағайындау бұйрығының көшірмесі қоса беріледі):	Алуашова Алмагул Тлеужановна , 87786919574, alma23015@mail.ru . Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың берілген күні: 11.06.2018 жыл бұйрық №234
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:	Мектеп заңды тұлға ретінде Қызылорда облысының Әділет департаменті 2021 жылдың 21 қаңтарда мемлекеттік қайта тіркеуден өткен. БСН 971240002869.Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1997 жылғы 25 желтоқсан. Құрылтайшылар: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Қызылорда облысының қаржы басқармасының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген
Білім беруге құқықтық лицензия:	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаменті. Лицензия №14002715, лицензия берілген күні: 28.02.2014ж.
2 Кадрлық құрамға талдау	
Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұн негізінде бағалау	
Талдау нәтижесі:	
Мектепалды даярлық тобының 2022-2023 оқу жылындағы педагогы туралы мәлімет:	
1. Аты-жөні: Жанабергенова Нұргүл Жайылкановна	
2. Білімі: Жоғары. 2006 жылы Қызылорда Болашақ Университетін «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық өтілі: 21 жыл.	
3. Біліктілік санаты: бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша: педагог-сарапшы.	
Біліктілік арттыру курсы: «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдері» 2020ж. 72 сағат	
Мектепалды даярлық тобының 2023-2024 оқу жылындағы педагогы туралы мәлімет:	
1. Аты-жөні: Кадирова Жадыра Толықбайқызы	
2. Білімі-Жоғары. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық өтілі -23ж	
3. Біліктілік санаты: бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша: педагог-сарапшы	
4. Біліктілік арттыру курсы: «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдері» 2020ж. 72 сағат	
Тақырыбы: «Бастауыш сынып	

	мұғалімдерінің Математика,Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзіреттіліктерін дамыту». Өрлеу. 5-16.06.2023ж. 80 сағат. Мектепалды даярлық тобының 2024-2025 оқу жылындағы педагогы туралы мәлімет: 1.Аты-жөні: Қожахметова Камила Дәуренбекқызы 2.Білімі- Жоғары 2023 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»мамандығы бойынша бітірген 3.Біліктілік санаты: жоқ. Педагог-тағылымдамашы. Жас маман. 4.Біліктілік арттыру курсы:2024ж. «Инклюзивті білім беру және ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен жұмыс» Талым.kz 25-29.11.2024ж. 80 сағат Қорытынды: 2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру маманының жоктығына байланысты бастауыш сынып мұғалімдері берген. 2024-2025 оқу жылында МАД тобының тәрбиешісі қызметіне қабылданған Қожахметова Камила мектепалды даярлық тобының тәрбиешісіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
3	Тәрбиеленушілер контингенті Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастырукезінде талаптарды сақтау 2022-2023оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 25 тамызындағы №Ж-86 бұйрық бойынша 5 тәрбиеленуші 2023-20234оқу жылында 2023 жылдың 25 тамызындағы № Н-46 бұйрық бойынша 5 тәрбиеленуші , 2024-2025 оқу жылында 2024 жылдың 29 тамызындағы № Н-57 бұйрығымен 5 жастағы 10тәрбиеленуші қабылданып, тізімі жасалып ,бекітілген. Тәрбиеленушіні 1-сыныпка қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау 2022-2023 оқу жылында оқу ұзақтығы 35 оқу аптасы: 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін; 2023-2024 оқу жылында оқу ұзақтығы 33 апта: 1 қыркүйектен 25 мамырға дейін; 2024-2025оқу жылында оқу ұзақтығы 33 апта: оқу тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін. Қорытынды: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қағидаларына сәйкес 5 жастағы балалар қабылданған, бағдарлама мазмұнын игеру мерзімі сақталған. Өлшемшарттар талабына сәйкес келеді.
	Оқу-әдістемелік жұмыс Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар: 1)Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі №97 орта мектептің мектепалды даярлық тобының 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР Білім мен ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды.

Оқу жоспары Денешынықтыру, Сөйлетуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Сауат ашу негіздері, Математика негіздері, Қоршаған ортамен танысу, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру, Музыка пәндерін қамтиды.

Жұмыстық оқу жоспарында білім беру салалары бойынша инвариантты компоненттен 20 сағат жоспарланды. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

Бағалау кезеңіндегі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушілермен жүргізілген жұмыс ҚР БҒМ 12.08. 2016 жылғы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүргізілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары әзірленген, апта сайын циклограмма құрылған, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасы әзірленген.

Балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар жұмыс оқу жоспарларына сәйкестендірілген және сақталынған

2022-2023 оқу жылында 35 оқу аптасы, 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін .

Жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – 700 сағат: оның ішінде «Дене шынықтыру» - 105 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 70 сағат, «Көркем әдебиет» - 70 сағат, «Қазақ тілі» - 70 сағат, «Сауат ашу негіздері» - 105 сағат, «Математика негіздері» - 105 сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 70 сағат, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 35 сағат, «Музыка» - 70 сағатты қамтиды.

2023-2024 оқу жылында оқу ұзақтығы 33 апта. Оқу тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін. Жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – 660 сағат: оның ішінде «Дене шынықтыру» - 99 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 66 сағат, «Көркем әдебиет» - 66 сағат, «Қазақ тілі» - 66 сағат, «Сауат ашу негіздері» - 99 сағат, «Математика негіздері» - 99 сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 66 сағат, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 33 сағат, «Музыка» - 66 сағат жоспарға енгізіліп, жүргізілуде.

2024-2025 оқу жылында оқу ұзақтығы 33 апта. Оқу тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін. Жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – 660 сағат: оның ішінде «Дене шынықтыру» - 99 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 66 сағат, «Көркем әдебиет» - 66 сағат, «Қазақ тілі» - 66 сағат, «Сауат ашу негіздері» - 99 сағат, «Математика негіздері» - 99 сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 66 сағат, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 33 сағат, «Музыка» - 66 сағат жоспарға енгізіліп, жүргізілуде.

Қорытынды: Жұмыс оқу жоспарлары Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа, үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілген. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің көлемі талапқа сәйкес;

Оқу-материалдық активтер

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде оқу жылының ұзақтығы сақталған. Оқу жылы ішінде каникулдар берілген.

Ғимарат туралы мәлімет

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында 9-қосымша бойынша барлық ғимараттардың жұмыс алаңы 2087,1 шаршы метрді құрайды.

Мектеп екі қабатты ғимараттан тұрады, 2015 жылы салынған. Жобалық қуаты 100 балаға арналған. 2023 жылы ағымдағы ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Коммуникациялық жағдайы қамтылған жұмыс телефондары, интернет желісі 100% қосылған. Интернет жылдамдығы 50 Мб. Канализация жүйесі септік, су құбыры жақсы жұмыс жасайды. Мектепте жалпы 1 спорт зал, 1 акт зал, асхана, 1 кітапхан жалпы оқу кабинеттер саны-16, соның ішінде: Әлеуметтік-тұрмыстық санитарлық тораптар бар, оның ішінде унитаздар саны-14 қол жуғыштар-44. Білім беру ұйымының үй жайларымен іргелес жатқан аумағында 8 бейне бақылау жұмыс жасайды. Жедел басқару орталығына қосылған. Акт залының алаңы-94,80ш.м Мектеп спорт залының алаңы-202,80 ш.м. Спорт аймағында оқушыларға ыңғайлы спорт ойындарына арналған футбол алаңы бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары, баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған.

Жиһаз және жабдықтармен қамтылуы туралы мәлімет

Мектепалды сыныбының оқу кабинетіне ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы

№97 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша жабдықтауына зерделеу жүргізіліп, тізім жасалды. Пәндік-дамытушылық ортаны жабдықтауға арналған оқу-құралдарымен, ойын бөлмесіне арналған жабдықтармен жарақтандырылған.

Компьютерлік және мультимедиялық жабдықтармен жарақтандыру толықтыруды қажет етеді. Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер, әдістемелік ұсынымдарға 4- қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрмен расталған кесте салынды.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Әдістемелік ұсынымдарға 5- қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендер туралы мәлімет салынды.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары :**

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 5 бала тәрбиеленді. Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті:

«Денсаулық» білім беру саласы - I-80% II-20% III-0%

«Қатынас» білім беру саласы I- 80% II-20% III-0%

«Таным» білім беру саласы I- 80% II-20% III-0%

«Шығармашылық» білім беру саласы I- 80% II-20% ; III-0%

«Әлеумет» білім беру саласы I- 80% II-20% ; III-0%

2023 – 2024 оқу жылында 5 бала тәрбиеленді. Бастапқы мониторинг қорытындысы мынадай болды:

«Денсаулық» білім беру саласы -I-0% II – 43% III– 57%

«Қатынас» білім беру саласы - I – 41% II -31% III -28%

«Таным» білім беру саласы - I-9% II-22% III-69%

«Шығармашылық» білім беру саласы –I-0% II-21% III-75%

«Әлеумет» білім беру саласы - I-0% II- 26% III-74%

2024-2025 оқу жылында қазіргі кезде 10 бала тәрбиеленуде. Бастапқы мониторинг ексель форматта толтырылды.

Физикалық қасиеттерді дамытуда жоғары деңгей - 44,3%, орташа деңгей – 47,1%, төменгі деңгей – 8,6%. Коммуникативті дағдыларды дамытуда жоғары деңгей – 38,6%, орташа

деңгей – 52,9%, төменгі деңгей – 8,6%. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда жоғары деңгей -30,0 орташа деңгей – 52,9%, төменгі деңгей – 17%, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда жоғары деңгей – 65,7%, орташа деңгей – 28,6%, төменгі деңгей – 5,7%. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда жоғары деңгей – 58,6%, орташа деңгей – 32,9%, төменгі деңгей – 8,6% Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген 2, 2022-2023, 2023-2024. 2024-2025. оқу жылдарындағы бастапқы мониторингі бойынша салыстырмалы талдау жасалды мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, алдағы іс-әрекетті жоспарлауға, баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда-балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жүргізілді.

Тәрбиеленушілердің жетістіктері

2022-2023 оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласы «Жаңа Білім кәсіби білім беру және тұлғалық даму орталығының республикалық «Үздік Матиматик» -2021 байқауының жеңімпаздары I дәрежелі Ерполат Шахназ, II дәрежелі Баймұрат Дінмұхаммед, III дәрежелі Қасқырбай Расул III дәрежелі, Серікбай Назлы III дәрежелі Дипломдармен марапатталды

2023-2024 оқу жылында Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонының жүлдегерлері Ақберген Жанерке, Тоғызбай Рауан

«Мұқағали-Мұзбалақ» акын өлеңдерін мәнерлеп оқу шығармашылық байқауына қатысып, үздік нәтиже көрсеркен үшін II-орынмен Жанғазы Дайана

«ПОНИ» Халықаралық байқауында Қарасай Нұрслам Дипломдармен марапатталды Республикалық Өрлеу педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы ұйымдастырған «Мерекелі, берекелі-Алтын күз» атты жас таланттар үздік шығармашылығымен, дарындылығымен көзге түскен тәрбиеленушілер Тоғызбай Рауан, Қарасай Нұрслам.

2024-2025 оқу жылында М.Мақатаев оқуларынан Қарасай Аянат, Әзілхан Нұрбибі, II орынмен марапатталды. М.Жұмабаев оқуларынан Базарбай Нұрәли, Ұзақбай Нұрайым, Шанжархан Ерсұлтан, Аманжол Ержігіт I-II орындармен марапатталды.

Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы

Мектепалды даярлық тобындағы I тәрбиеші сауалнамаға қатысты, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайға толық қанағаттанған.

10 тәрбиеленушінің ата-аналары толық қатысты. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған ата-аналар үлесі-100%;

Қорытынды мен ұсыныстар

Қорытынды:

№97 орта мектебінің мектепалды даярлық тобының білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес келеді.

Кемшіліктер мен ескертулер:

Әдістемелік көмек ұсынымдары:

Мемлекеттік аттестацияның нәтижесі:

Өлшемшарттарға сәйкес білім беру ұйымының мектепалды даярлық тобы бойынша қорытынды бағасы: - «жақсы» (37 балл)

Комиссияның «11» қараша 2024 жылғы хаттамалық шешімі.

Комиссияның төрағасы:

Комиссия мүшелері:



	Алуашова Алмагул Тлеужановна
	Жәди Айгүл Жанғазықызы
	Тағыбай Нұрғиса Ерполатұлы
	Шазиндаева Гулдана Абушашымовна
	Тағыбаев Ергали Ерболатұлы
	Жукеев Нуртай Касқырбаевич
	Өтепбергенқызы Меруерт

Қазалы ауданының білім бөлімінің №97 орта мектебі КММ

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар» негізінде **мектеп алды даярлық тобы бойынша** өзін-өзі

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

P/c	Бағалау өлшем шарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балл
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған, растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100%	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	80%	3
4	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	65,6 %	2
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміндегі №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	96%	4
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13070 тіркелген) 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу – әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі.	100%	5
7	Жас топтарының толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5
8	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
	Баллдардың жалпы сомасы:		37

Қорытынды: Білім беру ұйымы қызметінің нәтижесі «Жақсы» деңгейіне сәйкес деп бағаланды

Мектеп директоры :  А.Алуашова

